

ӘОЖ 371

Г.С. Толықбаева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан

### Ғаламдастыру үдерісі: Жаһандану жағдайындағы Отандық білім мен ғылым даму сатылары

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жаһандану заманында сырт елдің қалқасында бағынышты, мүдделі болып қалмауымыз үшін ұлттық болмысызды, салт-дәстүріміз бен тілімізді, ұлттық мәдениет-тімізді сақтау керектігі жайлы сөз қозғалады. Болашақ жастардың санасында осындай рухани құндылықтар қалыптасса, еліміздің шынайы егемендікке қол жеткізіп, Отанымыздың байлығы ұлтқа қызмет ететіні сөзсіз. Еліміздегі білім мен ғылым саласында әлемдік тәжірибелерді үйреніп, үлгі ете отырып, отаншылдық тәрбиенің бастауы болып табылатын этномәдени білім мен тәрбиені жадымызда ұстауымыз керектігі туралы мәселе туындыға арқау етілген.

**Түйінді сөздер.** Білім мен ғылым жүйесі, ұлттық өркениет.

Дүниежүзіндегі ғылым мен білім кеңістігінің пайда болуы, қалыптасу мен даму тарихы, оның әрбір кезеңдеріндегі анықталған тенденциялары халық санасының өркендеуінің, қоғамдық прогрессивтік қадамдардың оқу, ғылым үйренуге байланыстылығы мен жалпы білім саласының маңыздылығын дәлелдейді. Әр елдің интеллектуалдық, парасаттылық, мәдени қарым-қатынасы ғылым саласының дамуына, оның жаңаша даму мүмкіндіктеріне тікелей қатысты екендігін қазіргі ғылым мен білімнің эволюциясы, яғни даму тарихы айқындап отыр.

Тәуелсіз еліміздің ғылымы мен білімінің даму стратегиясы ұлттық сипаттағы білім мен ұлттық тәрбие идеяларын негізге ала отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігуімен анықталады. Үшінші мыңжылдық жылнамасын ашып отырған бүгінгі жаңарған Қазақ елінің білім, ғылым саясатындағы өзекті мәселе – еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының тұрақты дамуының басты факторларының бірі екендігі.

Қазақстанның ғасырлар тоғысында тәуелсіз ел қатарына қосылып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білімі мен ғылымы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуға бағыт алуда. Өркениетті дамыған әлемнің мүшесі болу – еліміздің рухани, мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық тұсында болады», – деп атап көрсеткен. Жаһан-

дану жаңа қоғамдық өмірде орын алған өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғамдық сана дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім мен ғылым саласына да өз ықпалын тигізеді. Сондай-ақ білім беру әлемдік интеграциялық үдеріспен қатар қарыштап дамуда да маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – ұлттық және адамзаттық қасиеттер, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады [1, 22].

Отандық білім беру жүйесінде жаңа бағыт іздеу, оқыту формасын жаңартуға бет бұрды. Жаңашылдық өзгерістер, әлемдік педагогикалық тәжірибені ғылыми, технологиялық тұрғыдан талдау білім беруді дамытудың жаңа бағдары жаңа стратегияны таңдауға себеп болды. Қазақстандық білім жүйесін модернизациялаудың басты бағыттарының мақсаты – оның қазіргі нарықтық экономика жағдайында, жаһандануды ескере отырып, жаңа мазмұнын қамтамасыз ету болып табылады. Білімді модернизациялау осы салада жинақталған позитивті әлеуетті сақтау негізінде бұл үдерісті тереңдетіп, дамытудың жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық және кадрлық сәйкестік қажеттілігін туғызады.

Білім – адам үшін берері көп, мағынасы кең ұғым. Ғылыми әдебиеттерде білім – айналадағы дүниенің, адамның практикалық және танымдық қызметі үшін қажетті жақтарын бейнелеу делінсе, келесі әдебиетте білімді тиісті объек-

тілер туралы біздің алған хабарларымыз, ақпараттарымыз деп қарайды.

Білім ұғымына қатысты қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде білім – оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік, ал қазақ кеңес энциклопедиясында білім - бүкіл танымның даму үрдісінде қалыптасқан адамзат мәдениетінің рухани қазынасының жиынтығы делінген. Осылайша білімге берілген анықтамалардың барлығының мағынасы біреу болып табылады, яғни адам баласының іс-тәжірибесінде, рухани өмірінде жинақталған ақпарат, шындық жүйесі.

Адамзат баласының төңірегіндегі дүниені танып-білуі күрделі қайшылыққа толы, уақытпен санасатын жаңа білімді игеруімен байланысты жүріп отырады. Дүниежүзілік қауымдасстықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша талпынуы – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына жинаған саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеп шығаруы. Осы тұрғыдан алғанда, білім мен ғылым барша қоғамдар мен жеке индивидтер өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасатынын айтуға болады.

Білімнің әлеуметтік өмірдегі ерекше сипатқа ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу үрдісі қоғамның тіршілік әрекеттерінен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби мамандардың пайда болу кезеңінен басталады. Білім қорын ғылымға дейінгі, яғни күнделікті өмірде туындаған қарапайым білім және ғылыми білім деп екіге ажыратуға болады. Ғылымға дейінгі қарапайым білім – тіршілік барысында, іс-әрекет үстінде, тәжірибе ауқымында жинақталады. Ол бар болғаны құбылысты сипаттайды, оқиғаның қалай өтіп жатқанын пайымдайды. Ал, ғылыми білім – терең де мазмұнды. Ол құбылысты, оқиғаны жай сипаттаумен ғана шектелмейді. Ғылыми білім оқиғаларды, құбылыстар мен фактілерді сырттай сипаттап қана қоймайды, сонымен қатар оларды түсіндіреді, ішкі табиғатын, мәнді жақтары мен маңызды байланыстарын ашып көрсетеді, яғни даму заңдылықтарын айқындайды. Осы негізде ғылыми білім оқиғалардың, құбылыстардың даму бағдарына болжам жасайды. Білім және ғылым мәселені тарихи талдау, оның қалыптасуы мен дамуы прогрессивті ой-пікірлерді қамтитынын көрсетті.

Біздің жоғарыда білім түсінігіне қатысты еңбектерде келтірілген анықтамалармен бірге, өзге де зерттеушілердің білім ұғымына берген әртүрлі анықтамаларын айта кетсек, И.Я. Лернер «Бі-

лім – бұл тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін, білімдердің біліктілік пен дағдылардың, шығармашылық әрекет тәжірибесінің және әлемге деген сезімдік-құндылықты қарым-қатынастардың педагогикалық икемделген жүйесі» деп анықтайды [3,42]. Зерттеуші ғалым Ю.К. Бабанскийдің анықтамасы бойынша, білім – оқушылардың қабілеттерін жан-жақты дамытуға, олардың дүниетанымын, моралін және мінез-құлқын қалыптастыруға, қоғамдық өмір мен еңбекке дайындығын қамтамасыз ететін ғылыми білімдер, іскерліктер мен дағдылардың меңгерілуінің жүйесі [4, 24]. Оны тұтас жүйе ретінде сараптау қажеттігін көрсете отырып, В.С. Леднев білімге мынадай анықтама береді: «Білім – тұлғаның қасиеті мен сапасын өзгерту үрдісінің мазмұны, оның қажетті шартты, ұйымдасқан әрекеті [5, 12].

Білім – ұлттық мәдениеттің ұдайы дамуы мен жаңаруының берік негізі. Ол – өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын айқындайтын бірден бір жүйе. Осылайша әлемде болып жатқан жаңа өзгерістер қоғам мен мемлекеттің алдына жаңадан туындап жатқан құндылықтарды ескере отырып, білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту мәселесін қояды.

Жаңа дәуір табалдырығындағы әлеуметтік-мәдени жағдай білім беру жүйесінің өзін ғана емес, сондай-ақ оның негізгі өзегін өзгертуді көздейтін жаңа білім кеңістігіне өтудің қажеттілігін күн тәртібіне қойып отыр. XX ғасырда қоғамдық өмірдің барлық саласының негізінде ғылым, өндіріс, білім мәдени макромоделінің болғаны белгілі. Білім беруге деген жаңа қатынас және онымен байланыста туындаған білім берудің жаңа парадигмалары мәдениет - білім - тарих бірлігіне негізделген жаңа мәдени макро-модельді енгізуге жол ашты.

Егер білім саласында әлемдік деңгейде талдау жасайтын болсақ, онда үнемі өзгеріп жататын қажеттіктерге бейімделіп, оның ішкі жағдайына белсенді түрде әсер етіп және сол қажеттіктерді алдын-ала анықтай отырып, үнемі даму үстінде болатынына көзіміз жетер еді. Р.С. Омарова: «Қазіргі «ақпараттық қоғамда» білім өзінің шынайы көрінісін тапты. Демек, білім – материалдық және рухани құбылыстар туралы шынайы, әрі нақты мәліметтер жиынтығы, олардың адам санасында дұрыс, объективті бейнеленуі. Білім беру – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай білуге тәрбиелеу және әрбір шәкіртті жеке тұлға деп қарап,

табиғат пен қоғам туралы ең қажетті жалпы ғылыми біліммен қаруландыру, қоғамдық құбылыстар мен табиғи ортаны танып-білуге үйрету, ғылыми-әдіснамалық негізде дүниеге танымдық көзқарас қалыптастыру болып табылады. Сондықтан білім дамуының әлемдік үдерісімен пара-пар, өз өткен тарихымыздағы жетістіктерге, ұлттық құндылықтарымызға сүйеніп, жалпы білім беру саласын жаңа сапалық деңгейге көтеру маңызды» деп атап көрсетеді [2, 39]. Білімге осылайша талдау жасай отырып, қазіргі жаһандану жағдайында білім беру міндеттері – жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін насихаттау, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу т.б. деген түйін жасауға болады. Білім беру республикамыздың әрбір азаматының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатысуын қамтамасыз етіп, жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталуы керек.

Дамыған замандағы адамды тәрбиелеу қазіргі білім ұйымдары алдына үлкен міндеттер қояды. Әр заманның өз қаһармандары, дәуір мойындайтын тұлғалары, бүгінгі азаматтық қоғам жағдайында ұлттық тәрбие берудің басты мазмұны болуы тиіс. Қазіргі білімнің ақпараттық негізде құрылуы жаһандану талаптарының негізгі идеясы. Ақпараттардың көлемі әрбір он жылда шамамен екі есе артады. Ғылыми-техникалық ілгерілеудің қарқынына ілесуге ұмтыла отырып, білім жүйесі оның мазмұнының ұлғаюына әсер етеді. Бұл жағдайда адам өмірі оңтайландыру арқылы шешілуі қажет. Сол үдерісті ғылымда синергетикалық жағдай, яғни бірлескен әрекет кезеңі деп атайды. Дәл осы кезеңде этномәдени тұрғыдан өзара кірігу, өзара әрекеттесуге қол жеткізуге болады. Оның басты шарты – адам санасының тек білімдер жиынтығы тұрғысында қалмай білікке ұласуы. Бұл азаматтық қоғамда этномәдени білім берудің басты ұстанымдарының бірі болып табылады.

Қандай қоғам болса да ол болашақ ұрпақ арқылы биологиялық және рухани жаңарады. Бүгінгі жаһандану қоғамы жастары да білімнің озық тәжірибелері негізінде жан-жақты қалыптасуының ұзақ тарихы бар екені сөзсіз. Сол тарихты тану, оның тарихи даму кезеңдерін білу заңды қажеттілік. Өз кезеңінде білімнің генезисіне, оның өткені мен бүгінгі болашағына,

басқаша айтқанда, білім философиясына негіздемей-ұлттық біліміміз де толық болмайды деген сөз.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз еліміздің ең басты мақсаты – дамыған өркениетті елдердің қатарына ену, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Бұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын жаңа арнаға, жаңа сапаға жеткізудің қажеттілігін алға тартады. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптастыруда, бұл үрдіс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді.

Елімізде жаһандық инновациялық экономиканың құрылуы білім және ғылым саласына жаңа талаптар қоя бастады. Бұндай өзгерістер ғылыми-инновациялық білімді қалыптастыру талаптарына қаншалықты қатысты болса, жоғары оқу орындарында ғылыми-инновациялық ортаны кеңейту қажеттігін туындатыны заңдылық. Білім беру, ғылыми зерттеу және тәрбиелеу оқу орнының білімінің іргетасын қалайды.

Білім беру логикасы, құрылымы және жүйесі, негізгі категорияларын оның теориялық заңдылықтары мен қағидаларын айқындауға негіз болады. Аталмыш теорияларға: жоғары оқу орындарында ғылыми қызметтің даму сатысы, әлем елдеріндегі жоғары мектепте ғылымның дамуы мен қазіргі заманғы жай-күйін салыстырма отырып сипаттау, ғылыми қызметтің мақсат-міндеттері, мән-мазмұны, әдіс-қағидалары, дәстүрлері мен ғылыми негіздері секілді негізгі категорияларды, жоғары мектептегі ғылыми қызметтің жай-күйі мен ғылыми-инновациялық ортаны қоса кеткеніміз жөн.

Қазақстан Республикасындағы жоғары мектептердің даму сатысының негізінде мынадай басымдықтар жатыр: республиканың жоғары оқу орындарының желісін рационализациялау, студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа форматына көшу, білім беру сапасын көтеру және ғылым мен білімді интеграциялау. Әлемдегі бәсекеге қабілетті елдермен терезесі тең ел болу үшін жаңа заманға сай білім беру жүйесін дамыту, кадрлық біліктілік пен оларды қайта дайындау жүйесіне зор маңыз берілген. Осындай ғылымдағы саналы қадамдар ұлттық білім мен ғылым жүйесінің даму бағыттарын тың арнаға, жаңа сапаға көтеретініне сеніміміз мол.

Әлем елдерін ғаламдық жаһандану үрдісі жайлап келе жатқан осындай бәсекенің заманында Қазақстанның әлемдік интеграциялық үдерістерден тыс қалуы әрине мүмкін емес

жағдай. Сондай-ақ осы үдерістердің ең алдымен отандық білім мен ғылым саласына әсер етуі де заңдылық. Ендеше біздің Отандық білім мен ғылым ресурстарымыз да өркениетті елдермен қатарласуы керек, ал ғылымға деген жаппай ұмтылыс, жаһандану тұсындағы өміршең түсініктен туындайды. Себебі, оның жетістіктерінсіз қазірдің өзінде нарық жағдайына бейімделген, бәсекелестік қабілеті жоғары, тұрақты экономикаға қол жеткізу мүмкін емес. Дамыған өркениетті елдердің арасында жоғары деңгейде дамудың жолы – әлбетте ғылым саласы. Мемлекет ғылымын артқа қойса, мәжбүрлі түрде шикізат көзіне, қоршаған ортаға, адам өміріне қауіпті радиоактивті қалдықтардың ордасына айналуы бек мүмкін жағдай. Мұндай жағдайда ұлттық сипаты бар, дәстүрі қалыптасқан ел болып болашақтың баспалдағын аттауымыз екі талай жағдай болып қалмақ.

Айтылған мәселелерді қорытар болсақ, білім беру Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Сондықтан біздің елімізге қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сәйкес келетін замануи білім беру жүйесін, ұлттық мектептерімізді қалыптастыруымыз керек. Бүгінгі жаһандану заманында сырт елдің қалқасында бағынышты, мүдделі болып қалмауымыз үшін ұлттық болмысызды, салт-дәстүріміз бен тілімізді, ұлттық мәдениетімізді сақтап, ұлт ретінде, ел ретінде тарих сахнасынан жоғалып кетпеуіміз керек. Болашақ жастардың санасында осындай рухани құндылықтар қалыптасса, елі-

міздің шынайы егемендікке қол жеткізіп, Отанымыздың байлығы ұлтқа қызмет ететіні сөзсіз. Еліміздегі білім мен ғылым саласында әлемдік тәжірибелерді үйреніп, үлгі ете отырып, отаншылдық тәрбиенің бастауы болып табылатын этномәдени білім мен тәрбиені жадымызда ұстауымыз керек. Қоғамның ұлттық негізде жаңаруы жоғары мектепте ұлттық тәрбие ісін дамытудағы жетекші фактор болып саналады. Қазақстандағы оқу орындарын, оның болашағын ұлттық негізде құрып, ұлттық негіздегі білім мен ғылым жүйесін жасап, осындай ұлттық, мемлекеттік реңкте білімді саналы ұрпақ тәрбиелеп өсіру маңызды болып қалмақ.

### Әдебиеттер

- 1 Нысанбаев А.Н. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 264 б.
- 2 Әбілқасымова А.Е., Садықов Т.С. «Қазіргі дидактика». – Алматы: Ғылым, 2005.
- 3 Архангельский СИ. «Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы». – Москва, 1980. – 24 б.
- 4 Краевский В.В. Методология педагогической науки. – М., 2001. – 41-45 б.
- 5 Бейсенбаева А.А. Современные образовательные тенденции в Казахстане: глобализация, интеграция и гуманизация. – С. 168-169.
- 6 Материалы международной региональной конференции. – Астана, 18-19 января 2001 / Под ред. М. Жолдасбекова. – Астана, 2001. – 208 с.

\* \* \*

Актуальностью исследования являются системные изменения в отраслях знания и науки в нашей стране. Такие изменения и поток интенсивных информаций в отраслях современного фундаментального предметного знания и науки в области содержания имеет различный характер, цель образования и науки меняется с численного показателя на качественный. В статье рассматриваются самообучение, отбор информации и навыки эффективного использования знания, для того, чтобы показать активность учащихся в общественной жизни и к самоосуществлению. Национальная система образования в Казахстане является очень важной, исследователь явно подчеркивает, что мы находимся на лестнице интенсивного изменения.

\* \* \*

Topicality of research is systemic changes in branches of knowledge and a science in our country. These changes and the stream of intensive information in branches of modern fundamental subject knowledge and a science in the field of content maintenances various character, the purpose of education and science is changing from the numerical indicator to the qualitative. The article deals with self-study, the selection of information and skills for effective use of knowledge in order to show the activity of students in the social life and self-realization. The national education system in Kazakhstan is very important, the researcher clearly underlines that we are on the ladder of intensive change.